

Б.Бегалиев атындағы
жалпы орта мектебі

Баяндам

Альберт

Эйнштейн

Дайындаған: Серікеноайқызы

Виктория

r²

$$E=mc^2$$

ЭЙНШТЕЙН



Эйнштейн Альберт, (14 наурыз [1879](#), [Германия](#), Ульм қаласы – 18 сәуір [1955](#), [АҚШ](#), [Нью-Джерси](#) штаты, [Принстон](#)) – физик-теоретик, қазіргі физиканың негізін салушылардың бірі.

Альберт Эйнштейн – [теориялық физиканың](#) негіз қалаушылардың бірі, [1921](#) жылғы [Нобель сыйлығының](#) иегері, атақты ойшыл және қоғам қайраткері, әлемнің алдыңғы қатарлы 20-ға жуық университеттерінің құрметті профессоры, [КСРО](#) Ғылым Академиясының шетелдік құрметті мүшесі.

Эйнштейннің басты еңбегі – “[Салыстырмалылық теориясы](#)”. Бұдан бөлек 300-ден астам ғылыми еңбектердің, тарих, [ғылымдар философиясы](#) және [публицистика](#) саласындағы 150-дей кітап, мақалалардың авторы ретінде де танымал. Ол бірнеше түбегейлі физикалық [теорияларды](#) жасады:

Арнайы салыстырмалылық теориясы (1905).

[Жылу сыйымдылығының](#) және [фотоэффект кванттық теориясы](#)

[Бозе Эйнштейн](#) кванттық статистикасы.

Броун қозғалысының статистикалық теориясы, флуктуациялардың теориясына негізін салған.

1921 жылы ғалым Нобель сыйлығына ие болады. Гитлер билік басына келгеннен кейін, 1933 жылы Германиядан біржола кетіп, АҚШ-қа көшеді. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, Эйнштейн бейбітшілікті көп насихаттауға бет бұрып, өмірінің соңын осы АҚШ-та өткізіп, сол жерде дүние салады. 14 жасынан [Швейцарияда](#) тұрған. [Цюрихтегі](#) политехникумды бітіргеннен кейін (1900) орта мектепте сабақ берді, кейін патент бюросында эксперт (1902 – 1909) болып қызмет атқарды. 1909 – 1911 жылы Цюрих университетінде, 1911 – 1912 жылы [Прагадағы](#) Неміс университетінде, 1912 – 1913 жылы Цюрихтегі политехникумда профессор болды. Пруссия ҒА-на сайланғаннан кейін (1913) [Берлинге](#) көшіп келді (1914). Мұнда ол 1933 жылға дейін тұрды. 1933 жылдан өмірінің ақырына дейін Принстондағы (АҚШ) Іргелі зерттеулер институтының профессоры болып жұмыс істеді.

Эйнштейннің ғылымдағы басты еңбегі – салыстырмалық теориясы. Бұл теорияның жасалуы нәтижесінде кеңістіктің, уақыттың және тартылыстың жаңа қасиеттері ашылды, олардың бір-бірімен байланыста болатындығы дәлелденді. Салыстырмалық теориясы жарық жылдамдығына жуық жылдамдықпен қозғалатын нысандар (негізінен элементар бөлшектер, ғарыштық сәулелер, т.б.) мен күшті тартылыс өрісінде өтетін процестерді зерттеу үшін қолданылатын теор. негіз болды. Эйнштейн жарықтың кванттық теориясы, кездейсоқ процестер теориясы, магнетизм, т.б. салалар бойынша да маңызды жаңалықтар ашып, зерттеулер жүргізді. Эйнштейннің салыстырмалық теориясының тұжырымдарын сол кезде кейбір ғалымдар мойындамағанымен, қазіргі кезде ол – жалпы жұртшылық мойындаған ілімге айналды. Эйнштейн – көптеген ғылым академиялары мен ғыл. қоғамдардың мүшесі. Нобель сыйлығының иегері (1921). 1927 жылы КСРО ғылым академиясының құрметті мүшесі болып сайланды.

Милева Марич пен Эйнштейн 1896 жылы Цюрихте, Политехникумда бірге оқып жүрген кездерінде танысқан. Ол кезде Альберт 17, Милева 21 жаста еді. Эйнштейннің ата-анасы қарсы болғанына қарамастан, екеуі 1903 жылдың қаңтарында үйленген. Бұл суретте Эйнштейн екінші әйелі Эльзамен бірге тұр. 1971 жылы 38 жасында ойшыл ауырып қалады. Германияда соғыс жүріп жатқанда Альберт ой еңбегімен белсенді түрде айналысып, дұрыс тамақ ішпей, бауыр ауруына шалдығады. Сосын асқазан жарасы пайда болады. Ойшылға күтім көрсетуді анасы жағынан немере, әкесі жағынан шөбере әпкесі болып келетін Эльза Эйнштейн-Ловенталь өз мойнына алады. Ол өзінен үш жас үлкен, ажырасқан, екі қызы бар әйел еді. Альберт пен Эльза бала кезінен дос болып өскен, ал бұл жағдай екеуінің арасын одан әрі жақындатады. Өзінің атақты інісіне қамқорлық көрсете білген Эльза ғалым бірінші әйелі Милева Маричпен ажырасқан бойда оған тұрмысқа шығады. Ал Эльзаның екі қызын Альберт асырап алып, жақсы әке бола білген.

1952 жылы Израиль президенті Хаима Вейзмманна (Chaim Weizmann) қаза тауып, Израиль премьер-министрі Давид Бен-Гурион (David Ben-Gurion) Эйнштейнге Президент тағын ұсынған. Қазіргі күнге дейін Израиль Президентін Парламент дауыс беру арқылы таңдайды. Эйнштейн бұл ұсынысқа қуанышты екенін білдіре отырып: "Израиль мемлекетінің ұсынысына ерекше қуаныштымын, өкінішке орай, оны қабылдамауға міндеттімін", - деп жауап хат жазған екен. Сонымен қатар 1952 жылдың 14 наурызында Сейсс атты фотограф Эйнштейннен ойланып отырған түр көрсетуін (бір деректерде, камераға қарап жымиюын) өтінеді. Бұл сөзге Эйнштейн дәл осылай тілін шығарып жауап берген. Осы әрекетімен Альберт ғалымдардың тек ой түбіне тереңдеген ойшыл ғана емес, өмірге құштар қарапайым адамдар екенін де көрсеткісі келген. Сурет жария болғаннан кейін ғалым оның ең сәтті сурет екенін мойындаған. Қоғамда қалыптасқан ғалым бейнесі туралы стереотип ойшылды мезі етсе керек. Бұл суретті Эйнштейн өз достарына жаңажылдық құттықтау хаты ретінде жіберген. Барлығы 9 түпнұсқа сурет басылып, 2009 жылы оның біреуі 74 000 долларға сатылған екен. Денсаулығы қатты нашарлаған Эйнштейн [1955](#) жылы 18-сәуірде 76 жасында АҚШ-тың Принстон қаласында көз жұмады. Көзжұмар алдын жазған хатында: *"Мен Жердегі тапсырмаларымды орындадым."* деген сөзді жазған. Принстон ауруханасында жатып, көз жұмар кезінде немісше бірдемелерді айтқан екен. Алайда, оның сөздерін американдық медбике ұқпаған. Альберт Эйнштейн — американдық Time журналының "Ғасыр адамы" атағына ие болған тұлға.